

aceline

Пайдаланушы нұсқаулығы



TWS гарнитурасы Aceline LightPods Pro V2

Құрметті сатып алушы!

«Aceline» сауда маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта қолданғанда, оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

TWS гарнитурасы — бұл оператордың (пайдаланушының) қолын бос қалдыра отырып, оның басына немесе киіміне бекіту элементтері бар құлаққаптардың микрофонмен үйлесуінен тұратын байланыс жүйелеріне арналған аксессуар.

Мазмұны

Құрылғының сұлбасы.....	4
Bluetooth арқылы жұптасу.....	5
TWS-жұптасу	5
Негізгі функциялары.....	6
Қоңырауларды басқару	7
Кейсті зарядтау	8
Кейс зарядының деңгейін тексеру.....	8
TWS гарнитурасын зарядтау.....	9
Техникалық сипаттамалар	10
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары.....	11
Кепілдемелік міндеттемелер	12
Қосымша ақпарат.....	13

Құрылғының сұлбасы



1. Көпфункционалды сенсорлық батырма.
2. Кейс жұмысының индикаторы.
3. Зарядтағышқа арналған түйіспелер.

Bluetooth арқылы жұптасу

1. Дыбыс көзі құрылғысында Bluetooth-ті іске қосыңыз.
2. Зарядтағыш кейстің қақпағын ашыңыз.
3. Гарнитураны зарядтағыш кейстен алыңыз.

МАҢЫЗДЫ: алдымен қақпақты ашып, содан кейін гарнитураны алыңыз. Бұл процедура гарнитураны автоматты түрде қосудың міндетті шарты болып табылады.

4. Жұптасу үшін қол жетімді құрылғылар тізімінен «LightPods Pro V2» таңдаңыз және экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
5. Қосу кезінде іркіліс орын алған жағдайда, бастапқы құрылғыдағы Bluetooth-ті қайта қосып, қайта қосылуға тырысыңыз.

TWS-жұптасу

Aceline LightPods Pro V2 гарнитурасын алғаш рет қолданғанда, екі құлаққап та TWS жұбын құрайды. TWS жұбын қайта жұптау үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Оң құлаққапты зарядтағыш кейстен алыңыз, құрылғыны құлаққаптың сенсорлық батырмасын 20 секунд басып ұстап тұру арқылы TWS жұптастыру режиміне ауыстырыңыз, содан кейін оны зарядтағыш кейске қайта салыңыз.

2. Сол құлаққапты зарядтағыш кейстен алыңыз, құрылғыны құлаққаптың сенсорлық батырмасын 20 секунд басып ұстап тұру арқылы TWS жұптастыру режиміне ауыстырыңыз, содан кейін оны зарядтағыш кейске қайта салыңыз.
3. Екі құлаққапты зарядтағыш кейстен алыңыз. 5 секунд ішінде құлаққаптар TWS жұбын құрайды және пайдалануға дайын.

Негізгі функциялары

1. Ойнату/кідірту: кез келген құлаққаптың көпфункционалды батырмасын бір рет басыңыз.
2. Алдыңғы/келесі трек: сәйкесінше сол/ оң жақ құлаққаптың көпфункционалды батырмасын екі рет басыңыз.
3. Дыбыс деңгейін азайту/көтеру: сәйкесінше сол/оң жақ құлаққаптың көпфункционалды батырмасын үш рет басыңыз.
4. Дауыстық көмекшіні іске қосу: кез келген құлаққаптағы көпфункционалды батырманы 5 секунд бойы басып тұрыңыз.
5. Жұптасқаннан құрылғыларға автоматты қосылуды қосу/ажырату: кез келген құлаққаптағы көпфункционалды батырманы бес рет басыңыз.

Қоңырауларды басқару

Кіріс қоңырауы келіп түскен кезде аудио ойнату автоматты түрде тоқтатылады.

- Кіріс қоңырауына жауап беру үшін кез келген құлаққаптағы көпфункционалды батырманы бір рет басыңыз.
- Кіріс қоңырауын басып тастау үшін кез келген құлаққаптағы көпфункционалды батырманы екі рет басыңыз.
- Қоңырауды басып тастау үшін кез келген құлаққаптағы көпфункционалды батырманы екі рет басыңыз.
- Қатар келген қоңырауға жауап беру үшін, кез келген құлаққаптағы көпфункционалды батырманы екі рет басыңыз.

Кейсті зарядтау

1. Алғаш қолданар алдында кейсті толығымен зарядтаңыз.
2. Жеткізу жиынтығында берілген кабельді пайдалана отырып, зарядтағыш кейсті қуат көзіне қосыңыз.
3. Жасыл индикатор шамы бүкіл зарядтау процесінде жыпылықтайтын болады және зарядтау аяқталған кезде жыпылықтамай жанады. Толық зарядтау циклінің уақыты — шамамен 2 сағат.
4. Зарядтау процесі аяқталғаннан кейін құрылғыны розеткадан ажыратыңыз. Жарық индикаторы сөнеді.

TWS гарнитурасын зарядтау

1. Алғаш қолданар алдында гарнитураны толығымен зарядтаңыз.
2. Гарнитураны зарядтағыш кейске салыңыз, гарнитураның зарядтау порттары кейстің контактілерімен тығыз байланысқанына көз жеткізіңіз.

Ескертпе: гарнитурамен бірге жиынтықта жеткізілетін түпнұсқа зарядтау кабелін ғана қолданыңыз.

3. Гарнитура автоматты түрде зарядтала бастайды, сол жақ құлаққапты зарядтаған кезде индикатор шамы жасыл болып жыпылықтайды, ал оң жақ құлаққапты зарядтаған кезде ақ болып жыпылықтайды. Екі құлаққапты бір уақытта зарядтаған кезде индикатор шамы ақ және жасыл болып жыпылықтайды.

Толық зарядтау циклінің уақыты — шамамен 60 минут.

4. Зарядтағыш кейстің индикаторы зарядтау процесі аяқталғаннан кейін 2 минуттан кейін сөнеді.

Ескертпе: зарядтау процесі басталмаған жағдайда, гарнитураны зарядтағыш кейстен шығарып, содан кейін оны қайта салыңыз.

Техникалық сипаттамалар

- Үлгісі: LightPods Pro V2.
- Кейсті қуаттау параметрлері: ТТ, 5 В, 0,25 А.
- Кейсті қуаттау параметрлері (сымсыз зарядтау): 5 В, 1,1 А.
- Жұмыс кернеуі: 3,7 В.
- Гарнитура батареясының сыйымдылығы: 25 мА/сағ.
- Зарядтағыш кейс батареясының сыйымдылығы: 250 мА/сағ.
- Мембрананың диаметрі: 13 мм.
- Bluetooth нұсқасы: 5.0.
- Bluetooth протоколы: HFP, HSP, A2DP, AVRCP.
- Bluetooth сигналының радиусы: 10 м дейін.
- Жиілік ауқымы: 20 Гц — 20 кГц.
- Сезімталдығы: 119 ± 5 дБ.
- Динамиктерінің саны: 2.
- Кедергісі: $32 \pm 15\%$ Ом.
- Микрофонның сезімталдығы: -38 ± 3 дБ.
- ОЖ үйлесімділігі: iOS, Android.
- Сөйлесу режимінде жұмыс істеу уақыты: 2 сағатқа дейін.
- Күту режимінде жұмыс істеу уақыты: 150 сағатқа дейін.
- Кейсті зарядтау уақыты: 60 минутқа дейін.
- Кейсті зарядтау уақыты (сымсыз зарядтау): 120 минутқа дейін.
- Гарнитураны зарядтау циклінің саны: 2.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандайда бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғының сақталуы өндірушінің және тұтынушының жылытылып тұратын панажайларында өндірушінің қаптамасында 5 °С ... 40 °С аралығындағы температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылып отыруға тиіс. Өнімдерді кәдеге жарату қалдықтардың бақылаусыз шығарылуы нәтижесінде қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Кепілдемелік міндеттемелер

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және ол тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілді қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу және ауыстыру өкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекен-жайда:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Юнлэ Индастриал Ко., Лтд.

Гоунань өнеркәсіптік аймағы, Гужао, Чаньян ауданы, Шаньтоу қ.,
Гуандун пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис
301С, Қазақстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй,
301С-кеңсе, Қазақстан.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамалары
алдын ала хабарланбай өзгертілуі мүмкін. Құрылғының
жиынтықтамасы алдын ала хабарланбай өзгертілуі мүмкін.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР
«Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында
қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық
регламентінің талаптарына сәйкес келеді.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тілін-
дегі нұсқасында көрсетілген.

V.1

